

Мамандар даярлаудың мәселелері қаралды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Облыс бойынша 125 педагог маман жетіспейді. Әсіресе, математика, информатика, физика, ағылшын, орыс тілдерінің оқытушылары сұранысқа ие. Заман ағымына қарай логопед-дефектолог мамандығы да аса қажет болып тұр. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінде өңірдегі білім ошақтарының өзара қарым-қатынастығы жөнінде мәселе қаузалды.

Ұлы ағартушы атындағы жоғары білім ордасы 44 білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Қара

шаңырақ Финляндияның ХАНГ және Астанадағы Назарбаев университетімен жақсы байланыс орнатып, сол арқылы 30 жаңа білім бағдарламасын енгізген. Бүгінгі таңда «Финляндиядан Қазақстанға» жобасымен 12 студент информациялық бағдарлама аясында білім алуда. Сонымен қатар, оқу орны өткен жылы магистратураны оқытуға лицензия иеленген.

«Біз алдымызға барлық білім беру бағдарламасын жетілдіруді мақсат етіп қойып отырмыз. Мектеп, колледждермен байланысымызды күшейтпекпіз. Басты ұстаным – жаңартылған білім бағдарламасын меңгерген маман дайындау», - дейді

университеттің академиялық мәселелер бойынша проректоры Жанна Жұспова.

Кеңесте мектеп, колледж басшылары мен оқу ісі жөніндегі орынбасарлары сөз алып, білім беру үрдісіндегі өзекті мәселелерді ортаға салды.

Жалпы, өңірдегі 25 мектептің 18-і инклюзивті білім берумен қамтылған. Тірек қиыншы, ақыл-ойы, тілі жетілмеген балалармен арнайы мамандардың жұмыс жүргізуі керек. Сол себепті, бұл мәселеге балабақшадан бастап назар аударудың нәтижесі тиімді болмақ.

Арқалық қаласы.

